



Келісілді 
Атырау қаласы білім бөлімінің
басшысы Ф.Г.Шангереева



Бекітілді 
«№16 "Дюймовочка" бөбекжай-бақшасы» КМҚК
менгерушісі Ж.Ж.Кушенова
2021 жылғы 31 тамыздағы
№1 педагогикалық кеңес шешімімен



**"Атырау облысы Білім беру басқармасының
Атырау қаласы білім бөлімінің
«№16 «Дюймовочка» бөбекжай-бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының
2021-2022 оқу жылына арналған оқу жоспары**

2021-2022 оқу жылының білім беру процесіне ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Оқу жоспары Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес және

- ✓ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығын;
- ✓ «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1 қосымшасын (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспары);
- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығын;
- ✓ «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығын;
- ✓ «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығын басшылыққа ала отырып құрылды.
- ✓ Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудағы дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасының үкіметінің 2021 жылы 13 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген.

Оқу жоспары 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналып жасалды.

Барлық жас топтары үшін оқу жылы-1 қыркүйектен 31 мамырға аралығында (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны іске асырылады).

Бөбекжай-бақшада 9 топ жұмыс жасайды. Оқу-тәрбие процесі бес топта мемлекеттік тілде, төрт топта орыс тілінде жүргізіледі.

Оқу жоспары «№16 «Дюймовочка» бөбекжай-бақшасының» 2021 жылғы 31 тамызда өткізілген №1 педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқыланып, бекітілді.

Оқу жоспары кіші топтан мектепалды даярлық тобы аралығын қамтиды.

2 жастан 3 жасқа дейінгі №4 «Гномики» кіші қазақ тобы. Кіші қазақ тобы балаларының қазақ тілінде ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі -9 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 10-15 минут.

3 жастан 4 жасқа дейінгі №1 «Балдәурен» ортаңғы қазақ тобы балаларының қазақ тілінде ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі - 11 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут. Вариативтік компонентке 1 сағат бөлініп, «Ертегілер елінде» -1 сағат жұмысы қарастырылып, барлығы -12 сағат жиынтығын құрады. Вариативтік компонентті тәрбиеші күннің екінші жартысында жүргізеді.

3 жастан 4 жасқа дейінгі №7 «Балапан» ортаңғы қазақ тобы балаларының қазақ тілінде ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі - 11 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут. Вариативтік компонентке 1 сағат бөлініп, «Ертегілер елінде» -1 сағат жұмысы қарастырылып, барлығы -12 сағат жиынтығын құрады. Вариативтік компонентті тәрбиеші күннің екінші жартысында жүргізеді

3 жастан 4 жасқа дейінгі №6 «Капелька» ортаңғы орыс тобы балаларының орыс тілінде ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі - 11,5 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут. Вариативтік компонентке «В мире сказок» - 0,5 сағат бөлініп, барлығы -12 сағат жиынтығын құрады. Вариативтік компонентті тәрбиеші күннің екінші жартысында жүргізеді.

4 жастан 5 жасқа дейінгі №2 «Жұлдыз» ересек қазақ тобы балаларының қазақ тілінде ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі - 12 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 20-25 минут. Вариативтік компонентке 2 сағат бөлініп, «Би билеп үйренейік»-1 сағат, «Кішкентай театр» жұмысы қарастырылып, барлығы -14 сағат жиынтығын құрайды. Вариативтік компонентті би маманы және ересек топ тәрбиешілері күннің екінші жартысында жүргізеді.

4 жастан 5 жасқа дейінгі №9 «Смешарики» ересек орыс тобы балаларының орыс тілінде ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі - 12,5 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 20-25 минут. Вариативтік компонентке 1,5 сағат бөлініп, «Учимся танцевать-1», «Занимательная математика» -0,5 сағат, жұмысы қарастырылып, барлығы 14 сағат жиынтығын құрады. Вариативтік компонентті би маманы және ересек топ тәрбиешілері күннің екінші жартысында жүргізеді.